

## Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі туралы ережеге толықтыру енгізу туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 3 маусым N 3016. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1996.10.18. N 3144 жарлығымен.

Қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 қарашадағы N 2656 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі туралы Ережеге мынадай толықтыру енгізілсін:

мынадай мазмұндағы 23-1-баппен толықтырылсын:

"23-1-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшілері мен кеңесшілері

1. Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшілері мен кеңесшілерін (бұдан байлай - көмекшілер мен кеңесшілер):

1) Мемлекет басшысы қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;  
2) олар Президент Әкімшілігінің құрамына кіреді және оның қызметшілері болып табылады;

3) осы Ережемен, Мемлекет басшысының өзге актілерімен және жекелеген тапсырмаларымен белгіленген құзыреттеріне сәйкес жұмыс істейді.

Көмекшілер мен кеңесшілердің Мемлекет басшысының ұйғаруына қарай штаттан тыс негізде жұмыс істеуі мүмкін.

2. Көмекшілер мен кеңесшілердің негізгі міндеттері:

1) Республика Президентінің қызметін қамтамасыз ету;  
2) Мемлекет басшысын елдегі және шетелдегі істің жайы туралы уақтылы және толық хабардар ету болып табылады.

Мемлекет басшысының алдында тұрған міндеттердің кезектілігі мен маңыздылығына қарай Республика Президенті көмекшілер мен кеңесшілерге осы Ережеде көзделгендердегіден ерекшелігі болатын өзге де міндеттер мен өкілеттіктер жүктеуі мүмкін. Бұл ретте Мемлекет басшысы өзінің ұйғаруына қарай көмекшілер мен кеңесшілерінің саны мен қызметінің бағытын өзгертіп тұрады, сондай-ақ олардың жанында консультанттар болуының қажеттігін айқындайды.

3. Көмекшілер мен кеңесшілер алдарына қойылған міндеттердің шешілуі, Мемлекет басшысы тапсырмаларының уақтылы, сапалы және тыңғыштықты орындалуы үшін толығымен жауап береді.

Өз жұмыстарының қорытындылары туралы көмекшілер мен кеңесшілер Мемлекет басшысына немесе оның тапсырмасы бойынша Республиканың Мемлекеттік хатшысына, Президент Әкімшілігінің Басшысына үнемі баяндап отырады.

4. Өз құзыреттерінің шегінде көмекшілер мен кеңесшілер:

1) мемлекеттік органдар мен мемлекеттік лауазымды адамдарының зандауды, Республика Президентінің актілері мен тапсырмаларын сөзсіз әрі тыңғыштықты сақтауы мен атқаруын бақылауға; Мемлекет басшысы жүргізіп отырған ішкі және сыртқы саясатты түсіндіруге; Республика Президентінің беделін қалыптастыруға және оның қызметін бұқаралық ақпарат құралдары арқылы әйгілеп отыруға қатысады;

2) ақпарат іздестіріп, өндөуді жүзеге асырады және Мемлекет басшысын қажетті ақпараттық-талдау және анықтамалық материалдармен қамтамасыз етеді;

3) республика Президентінің тиісті актілерінің жобаларына визалар қояды;

4) өздерінің атына жіберілген хат-хабарларды, қызмет құжаттары мен азаматтардың арыздарын қарайды, азаматтар қабылдауды жүзеге асырады;

5) ел бойынша іс-сапарға шыққанда Мемлекет басшысына ере жүреді, бұл орайда республика Президенті қатысатын іс-шаралардың ұйымдастырылуын бақылайды, іс-сапар барысында Мемлекет басшысы берген тапсырмаларды тіркең отырады, қажеттігіне қарай азаматтарды қабылдауға, олардың арыздарын зерделеуге қатысады.

5. Көмекшілер мен кеңесшілердің қызметін Республика Президенті Әкімшілігінің Басшысы үйлестіріп отырады.

Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау үшін көмекшілер мен

кеңесшілерге Республиканың Мемлекеттік хатшысы, Президент Әкімшілігінің Басшысы Нұсқаулар беруге хақылы.

6. Көмекшілер мен кеңесшілер арасындағы міндеттер бөлісін Мемлекет басшысы бекітеді.

7. Алдарына қойылған міндеттерді шешу үшін көмекшілер мен кеңесшілер сонымен қатар осы Ереженің 8-бабының 2-тармағында және 24-бабының 2-тармағында көзделген өкілеттіктерге ие болады".

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қүшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК